



010000, Астана қ., Бейбітшілік қ-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ \_\_\_\_\_  
16.08.2023 № 4 \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 16 тамыздағы  
қаулысы**

**Мүгедектігі бар адамдармен  
жұмыс жөніндегі ұйымдар  
қызметінің сапасын бағалау  
рейтингін енгізу**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдар қызметінің сапасын бағалау рейтингін енгізу туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Жергілікті атқарушы орган «Birge» платформасын әзірлеу процесін аяқтады. Астана қаласының азаматтары, халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттары (бұдан әрі – ХӘОТ), электрондық цифрлық қолтаңба арқылы алдын ала тіркеліп, стационарлық компьютерден немесе ұялы телефоннан онлайн режимінде <https://birge.astana.kz> мекенжайы бойынша платформаға қызмет көрсетуге өтініш беру мүмкіндігіне ие, сондай-ақ олар қызметтің көрсетілуіне қанағаттану сауалнамасын толтыра алады. «Birge» платформасында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің сапасын бағалау рейтингі бар жеке бөлім қарастырылған, онда рейтинг деректерін ыңғайлы форматта көруге болады.

«Birge» платформасының онлайн сервисінің іске қосылуы туралы PR-науқан өткізіледі және азаматтар мен платформа келушілеріне платформа қызметі туралы ауызша хабарлама қамтамасыз етіледі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар үшін ақпараттық парақшалар таратылатын болады.

Сонымен қатар, тұрақты комиссия мыналарды атап өтеді. Өткен сайланымда мәслихат мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдардың қызметі мәселесін қараған және жергілікті атқарушы органға осы ұйымдар қызметінің электрондық рейтингін енгізу ұсынылған, бұл шара мекемелердің жұмысын тікелей көрсетілетін қызметті алушылардың бағалауына мүмкіндік береді. Рейтингті енгізу сондай-ақ, мүгедектігі бар

адамдарға қызмет көрсететін ұйымдарға қатысты көтермелеулерді немесе жазаларды қолдануға бағытталған, бұл сайып келгенде олардың қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандай, бағалау платформасы құрылды, бірақ бағалау қандай критерийлер бойынша жүзеге асырылатыны және оны енгізгеннен кейін қандай нәтижелер күтілетіні туралы ақпарат берілмеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдар қызметінің сапасын бағалау рейтингін енгізу туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-не:

«Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-мен бірлесіп, депутаттардың қатысуымен мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдардың бірінде «Virge» платформасын пилоттық енгізуді жүзеге асыру;

мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдар қызметінің сапасын бағалау қағидаларын әзірлеу, оның ішінде:

мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдар қызметінің сапасын бағалау критерийлері;

мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдарға тиімділікті бағалаудың әсері (салдары);

мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі ұйымдар қызметінің клиентке бағдарлануын арттыру жөніндегі іс-шаралар;

мүгедектігі бар адамдардың «Virge» платформасы арқылы әлеуметтік инфрақұрылымның өзге де объектілерін бағалау перспективасын қарастыру;

«Virge» платформасын әлеуметтік қызметтер порталымен біріктіруді көздеу ұсынылсын.

3. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Отырыс төрағасы,  
Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясы  
төрағасының орынбасары**



**Е. Дәкенов**